| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: 1 А Визуалды өнер | **Мектеп:** Рахым Сәрсенбин атындағы №192 ЖББМ | |
| | **Мұғалімнің аты-жөні:** Бақытбек Сәния Бақытбекқызы | |
| **Сынып: 5** | **Қатысқан саны:** 9 | **Қатыспағандар**:0 |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | ***Пейзаж. Табиғатпен өзара үйлесімділік.Ауа перспективасы.*** |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | *5.1.1.1 Қоршаған ортаның ассоциативті мағынасы мен визуалды сипаттамасын зерделеу және анықтау (композиция, түс, пішін, фактура, тепе-теңдік)*<br>*5.2.1.1 Өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін қолдану* |
| **Сабақтың мақсаты** | ● *Жұмыс жасау кезінде АКТ қолдану;*<br>● *Табиғат көрінісін бейнелеудің перспективалық заңдылықтарын ескере отырып,зат көлемін толық бейнелеуге үйрету, сурет салудың заңдылықтарына баулу, білімді өздігінен меңгеруге жағдай жасау;* |

**Сабақ барысы**

| **Сабақ кезеңдері** | **Педагог іс-әрекет** | **Оқушы іс-әрекеті** | **бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | Сәлемдесу.Түгендеу.Жағымды психологиялық ахуал.<br>(**«Жүрек әдісі»** суретті жалғастыр) | Берілген суретті жалғастырып, өз көңіл күйін білдіреді. | | |
| 3 мин | Топқа бөлу **qazmath.net** платформасы арқылы | Есімдері жазылған платформа арқылы оқушылар топқа бөлінеді. | | **qazmath.net** платформасы |
| 7 минут | ***Genially платформасында, «Боулинг ойыны» әдісі***<br>арқылы өткен тақырыпты қайталау.<br>1. *Бейнелеу өнері неше түрге бөлінеді?* | ***Genially*** арнайы платформада өткен тақырыпты | | *Genially платформасы* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 2. *Адам келбетін бейнелейтін жанр.*<br>3. *Жансыз заттар мен бұйымдарды бейнелейтін жанр қалай аталады?*<br>4. *Ұлттық натюрморт дегеніміз не?*<br>5. *Ұлттық натюрмортқа қандай заттар жатады?*<br>6. *Композиция дегеніміз не?* | қайталау сұрақтары. | | |
| Сабақтың ортасы<br><br>5 минут | *Жаңа сабақ*<br>Пейзаж – француз сөзі, ландшафты, табиғатты бейнелеу. Пейзаж дербес жанр ретінде Қытайда, Жапонияда және басқа шығыс елдерінде, сондай - ақ Еуропада дамыған. Пейзаж қайсыбір жерлерді жай ғана айнытпай бейнелей салу емес, онда суретшінің сезімдері мен ойларын берудің үлкен мүмкіндіктері жатыр. Адам өмірімен салыстырып қарағанда табиғат өмірі мәңгілік сияқты болып көрінеді. Пейзаж өнері де әр алуан. Кейбір пейзаждар табиғаттың өмірде бар нақты көрінісін бейнелесе, енді біреулері суретшінің қиялынан туады. Ондай шығармалардың бәрінде де суретшілер табиғаттың мінез - құлқын айнытпай беруге тырысады.<br>XVII ғасырдың аяғында пейзаж жеке жанрға айналды. Бірақ алғашқы пейзажшы - суретшілер әлі де өз шығармаларын ашық аспан аясында - пленэрде жазбады. Олар табиғат аясында қарындашпен долбар суреттер салып алып, | **AR/RV** бағдарламасы арқылы суретті жандандырып, бүгінгі сабақпен танысады. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | артынан студияда жұмыстарын бояумен аяқтаған. Бұл тәсілмен орындалған жұмыстарда түстер палитрасы табиғаттағы бояулар мен жарықтың құбылуын дәл көрсете алған. Олар тек заттың өзіне тән түсін ғана бере білді. Мысалы; жасыл шөп, аспан көк, бұлттар ақ түсті. Бұған таңғалатын ештеңе жоқ, өйткені пейзаждағы түстер натураға қарап емес, қағазға есте сақтау бойынша түсірілген болатын. Ал француз суретшісі Клод Лоррен белгілі бір мезгілге тән түстік байланыстарды көрсететін табиғатты бейнелеп, «Тәуліктің төрт мезгілі» және «Жылдың төрт мезгілі» деген атпен пейзаж циклдерін салды.   | *Жасанды интелектке мақалды жазып, одан шыққан* | Өзін-өзі бағалау ***«Сақина» әдісі*** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10 минут<br><br>10 минут | ***«Fusion brain»*** жасанды интелект арқылы берілген мақал-мәтелді қолданып сурет салады.<br>1. Табиғат жер байлығы, Батырлар ел байлығы.<br>2. Нөсер алдында найзағай ойнайды.<br>3. Тау кезеңсіз болмас,<br>Өлке өзенсіз болмас.<br><br>*Топтық жұмыс **«Пазл»әдісі***<br><br> | *суретті әр топ акт қолданып,сурет салады.*<br><br>«Пазл» әдісі арқылы оқушылар берілген суретін құрап,пазлды орындап, пазлдағы берілген суретті топ болып орындайды. | | ***«Fusion brain»*** жасанды интелект [https://fusionbrain.ai/?ysclid=m4v65rah63190398312](https://fusionbrain.ai/?ysclid=m4v65rah63190398312)<br><br>А3, пазл, қарындаш, акварель,өшіргіш |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| |  | | | |
| Сабақтың соңы<br><br>5 минут | Кері байланыс<br>*Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізеді:*<br>*- нені білдім, нені үйрендім*<br>*- нені толық түсінбедім*<br>*- немен жұмысты жалғастыру қажет* | | | Wordwall платформасы |